ISSN (PRINT) 2959-5649
ISSN (ONLINE) 2959-5657

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**
**Казахский национальный педагогический университет имени Абая**
**Abai Kazakh National Pedagogical University**

# ХАБАРШЫ
# ВЕСТНИК

**«Филология ғылымдары» сериясы**
**Серия «Филологические науки»**
**Series «Philological Sciences»**
**№2(92), 2025**

**Алматы**

ISSN (PRINT) 2959-5649
ISSN (ONLINE) 2959-5657

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**
**Казахский национальный педагогический университет имени Абая**
**Abai Kazakh National Pedagogical University**

# ХАБАРШЫ
# ВЕСТНИК

**«Филология ғылымдары» сериясы**
**Серия «Филологические науки»**
**Series «Philological Sciences»**
**№2(92), 2025**

**Алматы**

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**

**ХАБАРШЫ**
**«Филология ғылымдары» сериясы**
**№2(92), 2025 ж.**

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

**Бас редактор:**
*филол.ғ.д., проф.* **Абишева С.Д.**

**Бас редактордың орынбасары:**
*филол. ғ. д., проф.* **Есенова К.У.**

**Ғылыми редактор:**
*PhD, қауымд. проф. м.а.* **Сабирова Д.А.**

**Редакциялық алқа:**
*филол. ғ. к., қауымд. проф.* **Жиренов С.А.**
*филол. ғ. к., қауымд. проф.* **Сатемирова Д.А.**
*филол.ғ.д., проф., Әл-Фараби ат. ҚазҰУ* **Джолдасбекова Б.У.**
*пед.ғ.д., проф., әл-Фараби ат. ҚазҰУ* **Салханова Ж.Х.**
*филол.ғ.д., проф., ҚазҰҚызПУ* **Киынова Ж.К.**
*PhD, қауымд. проф.м.а., Т.Жүргенов ат. Қазақ ұлттық өнер академиясы* **Жалалова А.М.**
*филол.ғ.д., доцент, Таулы Алтай мемлекеттік университеті* **Алексеев П.В.** (Ресей)
*филол. ғ.д., проф., Ресей халықтар достығы университеті* **Бахтикереева У.М.** (Ресей)
*филол.ғ.д., проф., Варминь-Мазур университеті* **Киклевич А.К.** (Польша)
*PhD, проф., Джордж Вашингтон университеті* **Роллберг П.** (АҚШ)
*PhD, проф., Орталық Ланкашир университеті* **Табачникова О.М.** (Ұлыбритания)

**Жауапты хатшы:**
*PhD, қауымд.проф. м.а.* **Серикова С.К.**

**Техникалық хатшы:**
*филол.ғ.к., қауымд. проф.* **Османова З.Ж.**

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2025

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10109-Ж

Басуға 30.06.2025 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 19 е.б.т. Тапсырыс 352.

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13. Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы

## МАЗМҰНЫ
## СОДЕРЖАНИЕ
## CONTENT

### ТІЛ БІЛІМІ
### ЛИНГВИСТИКА
### LINGUISTICS

**Алиева Б.З.** Переходность, вариативность и концептуальные признаки аффиксальных морфем......................... 5
**Алиева Б.З.** Аффиксиалдық морфемалардың өтпелілігі, өзгергіштігі және концептуалды ерекшеліктері
**Aliyeva B.Z.** Transıtıonalıty, varıabılıty and conceptual features of affıxıal morphemes

**Saurbayev R.Zh., Yerekhanova F.T.** Gender-related challenges in the modern English language.........................................................13
**Саурбаев Р.Ж., Ереханова Ф.Т**. Қазіргі ағылшын тіліндегі гендерге байланысты қиындықтар
**Саурбаев Р.Ж., Ереханова Ф.Т.** Гендерные проблемы в современном английском языке

**Сладкевич Ж.Р., Жумагулова Б.С., Мусабекова А.А.** Лексико-семантические и прагматические характеристики гастических единиц.............................................................................21
**Сладкевич Ж.Р., Жұмағұлова Б.С., Мұсабекова А.А.** Гастикалық бірліктердің лексикалық-семантикалық және прагматикалық сипаттамалары
**Sladkevich Zh.R., Zhumagulova B.S., Mussabekova A.A.** Lexico-semantic and pragmatic characteristics of gastic units

### ӘДЕБИЕТТАНУ
### ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
### LITERARY STUDIES

**Демьянова Ю.А., Абишева В.Т.** Феномен устного рассказа Ираклия Андроникова....................................................................... 34
**Демьянова Ю.А., Әбішева В.Т.** Ираклий Андрониковтің ауызша баяндау феномені
**Demyanova Yu.A., Abisheva V.T.** The phenomenon of Irakli Andronikov's oral narrative

**Ибраева Ж.Б., Ломова Е.А., Касымжанова М.Е.** Концепт дуальности в эстетике и поэтике европейского и русского романтизма.................................................................................44
**Ибраева Ж.Б., Ломова Е.А., Қасымжанова М.Е.** Европалық және орыс романтизмінің эстетикасы мен поэтикасындағы дуализм тұжырымдамасы
**Ibrayeva Zh.B., Lomova E.A., Kassymzhanova M.E.** The concept of duality in the aesthetics and poetics of European and Russian romanticism

**Сәменқызы Ұ., Баешова Б.Ш.** Әдебиеттану ғылымындағы тұлға концепциясы.............................................................................53
**Саменкызы У., Баешова Б.Ш.** Концепция личности в литературоведении
**Samenkyzy U., Bayeshova B.Sh.** The concept of personality in literary criticism

**Казахский национальный педагогический университет имени Абая**

**ВЕСТНИК**
**Серия «Филологические науки»**
**№2(92), 2025 г.**

**Периодичность – 4 номера в год.**
**Выходит с 2000 года.**

**Главный редактор**
*д.филол.н., проф.* **Абишева С.Д.**

**Зам. гл. редактора**
*д.филол.н., проф.* **Есенова К.У.**

**Научный редактор**
*PhD, и.о.ассоц.проф.* **Сабирова Д.А.**

**Редакционная коллегия:**
*к.филол.н., ассоц. проф.* **Жиренов С.А.**
*к.филол.н., ассоц. проф.* **Сатемирова Д.А.**
*д.филол.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби* **Джолдасбекова Б.У.**
*д.пед.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби* **Салханова Ж.Х.**
*д.филол.н., проф., КазНацЖенПУ* **Киынова Ж.К.**
*PhD, и.о.ассоц.проф. КазНАИ имени Т.Жургенова* **Жалалова А.М.**
*д.фил.н., доцент, Горно-Алтайский государственный университет* **Алексеев П.В.** (Россия)
*д.филол.н., проф., РУДН* **Бахтикереева У.М.** (Россия)
*д.филол.н., проф., Варминьско-Мазурский университет* **Киклевич А.К.** (Польша)
*PhD, проф., Университет Джорджа Вашингтона* **Роллберг П.** (США)
*PhD, проф., Университет Центрального Ланкашира* **Табачникова О.М.** (Великобритания)

**Ответственный секретарь:**
*PhD, и.о.ассоц.проф.* **Серикова С.К.**

**Технический секретарь:**
*к.филол.н., ассоц. проф.* **Османова З.Ж.**

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2025

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации РК
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 30.06.2025.
Формат 60х84 1/8. Объем 19 уч-изд.л.
Заказ 352.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального
педагогического
университета имени Абая

## ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ
## ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ
## PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY

**Баймаханова К.И., Сансызбаева С.К.** Современные подходы к формированию профессиональной компетенции в процессе обучения русскому языку........................................... 65
**Баймаханова К.И., Сансызбаева С.К.** Орыс тілін оқыту процесіндегі кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың заманауы тәсілдері
**Baimakhanova K.I., Sansyzbayeva S.K.** Modern approaches to the formation of professional competence in the process of teaching the Russian language

**Бедел М., Бадалова Л.М.** Развитие речевых компетенций у детей-билингвов 5-12 лет при освоении английского и русского языков как вторых: психолингвистический и методический подходы.............................................................. 78
**Бедел М., Бадалова Л.М.** Ағылшын және орыс тілдерін екінші: психолингвистикалық және әдістемелік тәсілдері ретінде меңгеру кезінде 5-12 жастағы қос тілді балаларда сөйлеу құзыреттілігін дамыту
**Bedel M., Badalova L.M.** Development of speech competencies in bilingual children aged 5-12 years while learning English and Russian as second languages: a psycholinguistic and methodological approaches

**Глушковски М., Мусатаева М.Ш., Какимова А.М.** Социокультурная идентичность как лингводидактическая проблема..................................................................................... 86
**Глушковски М., Мұсатаева М.Ш., Кәкімова Ә.М.** Әлеуметтік-мәдени сәйкестілік лингводидактикалық проблема ретінде
**Glushkovski M., Mussatayeva M.Sh., Kakimova A.M.** Socio-cultural identity as a linguodidactic problem

**Красильникова С.В., Апакина Л.В.** Знаково-символические методы обучения русскому языку как иностранному в рамках семиотики............................................ 94
**Красильникова С.В., Апакина Л.В.** Семиотика шеңберінде орыс тілін шет тілі ретінде оқытудың таңбалық-символдық әдістері
**Krasilnikova S.V., Apakina L.V.** Significant-symbolic methods of teaching Russian as a foreign language in the framework of semiotics

**Kydyrbekova A.S., Rakhmetova R.S., Nuralinova G.M.** Developing writing skills in Kazakh language teaching: insights from action research practices...................................................... 104
**Қыдырбекова А.С., Рахметова Р.С., Нұралинова Г.М.** Қазақ тілін оқытуда жазу дағдыларын дамыту: әрекеттік зерттеу тәжірибесінен тұжырымдар
**Кыдырбекова А.С., Рахметова Р.С., Нуралинова Г.М.** Развитие навыков письма при обучении казахскому языку: выводы из практики активного исследования

**Abai Kazakh National Pedagogical University**

**BULLETIN**
**Series "Philological Sciences"**
**No. 2(92), 2025.**

**Periodicity - 4 issues per year.**
**Published since 2000.**

**Editor-in-chief**
*Doctor of Philological Sciences, Professor* **Abisheva S.**

**Deputy Editor-in-chief**
*Doctor of Philological Sciences, Professor* **Essenova K.**

**Scientific Editor**
*PhD, Associate Professor* **Sabirova D.**

**Editorial board**
*Candidate of Philological Sciences, Associate Prof.* **Zhirenov S.**
*Candidate of Philological Sciences, Associate Prof.* **Satemirova D.**
*Doctor of Philological Sciences, Prof., Al-Farabi Kazakh National University* **Dzholdasbekova B.**
*Doctor of Pedagogical Sciences, Prof., Al-Farabi Kazakh National University* **Salkhanova Zh.**
*Doctor of Philological Sciences, Prof., Kazakh National Women's Teacher Training University* **Kiynova Zh.**
*PhD, Associate Prof., T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts* **Zhalalova A.**
*Doctor of Philological Sciences, Prof., RUDN* **Bakhtikireeva U.** (Russia)
*Doctor of Philological Sciences, Associate Prof., Gorno-Altaysk State University* **Alekseyev P.** (Russia)
*Doctor of Philological Sciences, Prof., University of Warmia and Mazury* **Kiklewicz A.** (Poland)
*PhD, Prof., George Washington University* **Rollberg P.** (USA)
*PhD, Prof., University of Central Lancashire* **Tabachnikova O.** (The United Kingdom)

**Executive Secretary**
*PhD, Associate professor* **Serikova S.**

**Technical Secretary**
*Candidate of Philological Sciences, Associate professor* **Osmanova Z.**

©Abai Kazakh National Pedagogical University, 2025

Registered in the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan
8 May 2009 No10109-Zh/Ж

Signed in print 30.06.2025.
Format 60x84 1/8. Volume 19 teaching and publishing lists. Order 352.

050010, Almaty, Dostyk avenue 13,
Abai KazNPU

Publishing House "Ulagat" of the Abai Kazakh National Pedagogical University

**Капышева Г.К., Қыдырбекова А.С., Нұралинова Г.М.** Қазақ тілінің жазу дағдыларын дамытудағы action research әдісінің ғылыми-әдістемелік негіздері....................................... 116
**Капышева Г.К., Кыдырбекова А.С., Нуралинова Г.М.** Научно-методические основы метода action research в развитии навыков письма в казахском языке
**Kapysheva G.K., Kydyrbekova A.S., Nuralinova G.M.** Scientific and methodological foundations of the action research method in the development of writing skills in the Kazakh language

**Larionova I.Yu., Fedossova S.A.** Organizing and conducting distance olympiads in Korean as a second foreign language for potential foreign language teachers............................................... 127
**Ларионова И.Ю., Федосова С.А.** Болашақ шет тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау процесінде екінші шет тілі ретінде корей тілінен қашықтықтан олимпиадаларды ұйымдастыру және өткізу әдістемесі
**Ларионова И.Ю., Федосова С.А.** Методика организации и проведения дистанционных олимпиад по корейскому языку как второму иностранному в процессе профессиональной подготовки будущих учителей иностранного языка

**Tastemir M.A., Seidaliyeva G.O.** Improving reading strategies for English language learners using scaffolding: a pedagogical approach........................................................................................ 138
**Тастемір М.А., Сейдалиева Г.О.** Скаффолдингті қолдана отырып, ағылшын тілін үйренушілерге арналған оқу стратегияларын жетілдіру: педагогикалық тәсіл
**Тастемир М.А., Сейдалиева Г.О.** Совершенствование стратегий чтения для изучающих английский язык с использованием скаффолдинга: педагогический подход

**Біздің авторлар**........................................................................ 146
**Наши авторы**............................................................................. 148
**Our authors**................................................................................. 150

*6. Myasnikova K.A. (2022). Fenomen Erinnerugskultur v Germanii: stanovlenie, istoriya razvitiya, aktual'noe sostoyanie [The phenomenon of Erinnerungskultur in Germany: Formation, development history and current state]. Kul'tura i tsivilizatsiya, 12(1), 89-92. [in Russian]*

*7. Tyukina L.A. (2018). Individual'noe i kollektivnoe kak osnova formirovaniya kul'tury [Individual and collective as the basis for the formation of culture]. Verkhnevolzhskiy filol. Vestnik, (4(15)), 63-69. [in Russian]*

*8. Zhirmunskaya N.A. (2001). Novelly E.T.A. Gofmana v segodnyashnem mire [E.T.A. Hoffmann's novellas in today's world]. In Ot barokko k romantizmu: Stat'i o frantsuzskoy i nemetskoy literaturakh [From Baroque to Romanticism: Articles on French and German literatures] (pp. 383-402). Sankt-Peterburg: Filologicheskiy fakul'tet SPbGU. [in Russian]*

*9. Greshnykh V. (1995). V mire nemetskogo romantizma. F Shlegel, E.T.A. Gofman, G.Geine [In the world of German Romanticism: F.Schlegel, E.T.A. Hoffmann, H. Heine]. - Kaliningrad. - 92 p. [in Russian]*

*10. Gofman E.T.A. (1994). Sobranie sochineniy: v 6-ti t. T. 1-2 [Collected works: in 6 volumes. Vols. 1-2]. Moskva. [in Russian]*

*11. Russkiy krug Gofmana [The Russian circle of Hoffmann]. (2017). - Moskva: Tsentr knigi VGBIL im. M.I. Rudomino. - 668 p. [in Russian]*

*12. Vishnevetskiy I.G. (2020). Italiya i Rossiya 1829-1833, 1837 i 1843 v stikhakh i stikhotvornykh perevodakh Stepana Shevyryova [Italy and Russia in 1829-1833, 1837 and 1843 in the poems and verse translations of Stepan Shevyryov]. Archivio russo–italiano, XI, 7-10. Salerno. [in Russian]*

*13. Nemetskaya poeziya v perevodakh V.A. Zhukovskogo: Sbornik [German poetry in translations by V.A. Zhukovsky: Collection]. (2009). - Moskva: "Rudomino"; OAO Izd-vo "Raduga". 624 p. [in Russian]*

*14. Yegorova O.G. (2002). Dnevniki russkikh pisateley XIX veka: Issledovanie [Diaries of Russian writers of the 19th century: A study]. - Moskva: Flinta: Nauka. - 288 p. [in Russian]*

*15. Semenyuta N. (2002). Devyat' stikhotvoreniy E.A. Baratynskogo [Nine poems by E.A. Baratynsky]. Literatura, (46), 8-9. [in Russian]*

**ҒТАМР 17.07.31** **10.51889/2959-5657.2025.92.2.006**

**Сәменқызы Ұ.[1], Баешова Б.Ш.[2]*
*[1]Мирас университеті*
*Шымкент, Қазақстан*
*[2]Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті*
*Түркістан, Қазақстан*
**e-mail: ulpan.samenkyzy@mail.ru*
*e-mail: balziya.bayeshova@ayu.edu.kz*

## ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ТҰЛҒА КОНЦЕПЦИЯСЫ

*Аңдатпа*

Мақалада әдебиеттегі тұлға концепциясының теориялық мәселелері және қазіргі ұлттық прозағы көріністері жекелеген көркем шығармалар негізінде қарастырылады. Тұлға концепциясы туралы кезінде зерттеушілер көптеген мәселелер қозғағанмен, қазіргі уақытта да бұл тақырып өзекті саналады. Өйткені адам мен қоғамның байланысы үнемі даму, өзгеріс үстінде. Бүгінде тарихпен қатар, қазіргі уақыттағы моральдық, этикалық және әлеуметтік-психологиялық мәселелер жазушыларды қызықтырады. Әдебиет өзгермелі дүниедегі адамды толық және тереңірек бейнелеудің әр алуан жолдарын іздестіріп келеді. Бұл ретте тұлға мәселесі – күрделі тақырып. Оған қатысты зерттеушілердің әр түрлі көзқарастары болды.

Мақалада зерттеушілер тарапынан айтылған ғылыми тұжырымдар жүйеленіп сараланды. Тұлға концепциясы көркемдік дамуды айқындайды. Романтизм мен реализмнің басты айырмашылық белгісі тұлға концепциясымен тікелей байланысты болды. Ендігі бір көзқараста әдебиеттегі тұлға ең жоғары әлеуметтік-индивидуалды болмыстағы адам деп қабылданды. Оның мазмұны көркем шығармада басты эстетикалық және көркемдік-этикалық бағалау өлшемі болуы тиісті делінді. Тұлға сондай-ақ рухани құндылықтарды өндіруші, белгілі бір эстетикалық талғамдарды, идеалдарды, көзқарастарды тасымалдаушы деп те анықталды. Түрлі көзқарас, тұжырымдар айтылғанмен, тұлға концепциясының мазмұны толық ашылды дей алмаймыз. Өйткені, қазіргі әлемде адам қаншалықты күрделі, мүмкіндігі шексіз болса, әдебиеттегі тұлға бейнесі соншалықты көп қырлы. Әдебиеттану ғылымында тұлға мәселесін жіктеуде «құрбандық тұлға» және «еуропалық тұлға» терминдері кеңінен қолданылады. Сонымен қатар кейінгі зерттеулерде тұлғаның үш категориясы – діндарлық, амбиваленттік және эгоцентрлік түрлері анықталған. Мақалада тұлға концепциясы туралы ғылыми тұжырымдар салыстырылып, талдау жасалынды.

**Түйін сөздер:** тұлға, тұлға концепциясы, адамтану, моральдық-философиялық-діни таным, романтизм

**Саменкызы У.*[1], *Баешова Б.Ш.*[2]
[1]*Университет Мирас*
*Шымкент, Казахстан*
[2]*Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави*
*Туркестан, Казахстан*
**e-mail: ulpan.samenkyzy@mail.ru*
*e-mail: balziya.bayeshova@ayu.edu.kz*

## КОНЦЕПЦИЯ ЛИЧНОСТИ В ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИИ

*Аннотация*

В статье рассматриваются теоретические проблемы концепции личности в литературе и проявления современной национальной прозы на основе отдельных художественных произведений. Хотя в свое время исследователи затронули множество вопросов о концепции личности, в настоящее время эта тема также считается актуальной. Ведь связь человека и общества находится в постоянном развитии, переменах. Сегодня, наряду с историей, писатели интересуются моральными, этическими и социально-психологическими проблемами современности. Литература ищет самые разные способы более полного и глубокого изображения человека в меняющемся мире. При этом вопрос личности – сложная тема. У исследователей были разные взгляды на него. В статье систематизированы и дифференцированы научные выводы, высказанные исследователями. Концепция личности определяет художественное развитие. Главный отличительный признак романтизма и реализма был напрямую связан с концепцией личности. С одной точки зрения, личность в литературе воспринималась как личность в высшей социально-индивидуалистической сущности. Утверждалось, что его содержание должно быть главным критерием эстетической и художественно-этической оценки в художественном произведении. Личность также определялась как производитель духовных ценностей, носитель определенных эстетических вкусов, идеалов, взглядов. Нельзя сказать, что содержание концепции личности раскрыто в полной мере, хотя высказываются различные точки зрения, выводы. Ведь в современном мире, насколько сложен человек, чем безграничны возможности, тем многогранен образ личности в литературе. В литературоведении при классификации проблемы личности широко используются термины «жертвенная личность» и «европейская личность». Кроме того, в последующих исследованиях были выявлены три категории личности – религиозная,

амбивалентная и эгоцентрическая. В статье сравниваются и анализируются научные выводы о концепции личности.

**Ключевые слова:** личность, концепция личности, человековедение, морально-философско-религиозное познание, романтизм

*Samenkyzy U.[1], Bayeshova B.Sh.[2]
[1]Miras University
Shymkent, Kazakhstan
[2]Ahmet Yasawi International Kazakh-Turkish University
Turkestan, Kazakhstan
*e-mail: ulpan.samenkyzy@mail.ru
e-mail: balziya.bayeshova@ayu.edu.kz

## THE CONCEPT OF PERSONALITY IN LITERARY CRITICISM

*Abstract*

The article discusses the theoretical problems of the concept of personality in literature and the manifestations of modern national prose on the basis of individual works of art. About the concept of personality at the time, researchers raised many questions, but even today this topic is considered relevant. Because the connection between man and society is constantly developing, changing. Today, along with history, the moral, ethical and socio-psychological problems of the present time are of interest to writers. Literature has been looking for various ways to fully and deeply represent a person in a changing world. At the same time, the problem of personality is a complex topic. Researchers had different points of view on it. The article systematized and analyzed the scientific conclusions expressed by the researchers. The concept of personality determines artistic development. The main distinguishing feature of romanticism and realism was directly related to the concept of personality. Now, at one point of view, a person in literature was perceived as a person of the highest social and individual essence. It is said that its content should be the main criterion of aesthetic and artistic and ethical assessment in a work of art. Personality was also defined as a producer of spiritual values, a carrier of certain aesthetic tastes, ideals, views. Although different points of view and conclusions are expressed, we cannot say that the content of the concept of personality is fully disclosed. After all, the more complex a person is in the modern world, the more multifaceted the image of a person in literature. In literary studies, the terms "sacrificial person" and "European person" are widely used in the classification of the problem of personality. At the same time, in subsequent studies, three categories of personality were identified – religiosity, ambivalence and egocentric types. The article compares and analyzes scientific conclusions about the concept of personality.

**Keywords:** personality, personality concept, human studies, moral-philosophical-religious cognition, romanticism

**Кіріспе.** Қазіргі уақытта барлық қоғамдық ғылымдардың адам мәселесіне назар аударуы кездейсоқ құбылыс емес. Философия мен әлеуметтану, этика мен эстетика, педагогика мен психология адам мәселесін өзіндік, нақты көзқарас тұрғысынан зерттегенмен, бір мақсатты көздейді. Ол қазіргі қоғамдық қатынастардың күрделі жүйесіндегі адамды, оның мүмкіндіктерін түсіну болып табылады.

Ежелгі дүние философтары адамды «барлық заттардың өлшемі» десе, Шекспир кейіпкері адамды «әлемнің сұлуы, барлық нәрсенің тәжі» дейді. М.Горькийдің «адам – жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің ең жұмбақ жаратылысы» деген.Бұл сөздербүгін де мағынасын жойған жоқ.Адам шексіздіктегі ғалам сияқты. Сондықтан адамтану саласындағы барлық жетістіктерге қарамастан, ғылыми ой тұлға мәселесіне үнемі қайта оралып отырады.

Адамды түсінудің философиялық тұжырымдамасы көркем әдебиет үшін де маңызды.Әдебиеттің «Адамтану» деп аталуы бекер емес. Ол әр кезде адамға, оның іс-әрекеті мен ішкі әлеміне бағытталған тұлғаны түсінудің принциптерін басшылыққа алады. Сондықтан әдебиеттегі тұлға концепциясымаңызды, әрі күрделі саналады.

**Әдістер мен материалдар.** Мақалада арғы-бергі зерттеушілердің тұлға концепциясы жөніндегі ғылыми тұжырымдары мен көзқарастары салыстырыла қарастырылды. Батыстық еуропалық тұлға концепциясында адамның жеке басының дамуы, жайлылығы, эгоизмі бірінші кезекте көрінсе, кеңестік кезең зерттеушілері еңбектерінде тұлға концепциясында қоғам мен адам байланысына, қоғамдық дамудың басымдығына мән берілді. Соған сәйкес кеңестік дәуір жазушыларының туындыларында ортақ мүдде, социалистік қоғамның игілігі үшін жеке тұлғаның қиын сындардан өтуі, құрбандыққа дейін баруы суреттелді. Әлемге танымал жазушылар адамның жасампаздық қуатын, сарқылмас күшін, гуманизмін әр алуан ситуацияларда көркем бейнеледі. Қазіргі жазушылардың тұлға концепциясында адамның діни көзқарасына, еркіндігіне басымдық берілуі байқалады.Зерттеу жұмысында осы және өзге де тұлға мәселесіне қатысты жайлар айтылып, талдаулар жүргізіліп, қорытындылар жасалды.

Көркем шығармадағы тұлға концепциясының мәселелері орыс және ұлттық әдебиеттану ғылымында қазірдебіршама айтылып келеді. Д.А. Ковальчук [1], Н.Е. Польназарян [2], Н.М. Щедрина [3], О.В. Рыбак [4], М.П. Евдокимова [5], Ю.М. Павлов [6], Д.В. Макаров [7], Л.Колобаева [8], Е.С. Гапон [9] және тағы басқалардың диссертациялық еңбектері мен зерттеулерінде тұлға мәселесі, оған қатысты көзқарастар, олардың жіктелуі мен шығармалардағы бейнеленуі, жалпы тұлға деген кім деген сұрақтар сөз болған. Кеңестік әдебиет кезеңінде «ұнамды қаһарман»мәселесі көтерілді. Коммунист бейнесі саясиландырылды. Мұның бәрі жасанды дүние болатын. Қазірде әдебиетте тұлға мәселесіне көзқарас өзгерген. Заман өзгерісі әдебиетке тың бейнелерді әкелді. Тәуелсіздік кезең әдебиетіндегі образдардың бейнеленуіндегі сапалық өзгерістерәдебиеттанушы ғалымдар А.Б. Темирболат [10], М.Оразбек [11], Г.Орда [12], Г.С. Балтабаева [13], Р.М. Әбдіқұлова [14], тағы басқалардың еңбектерінде айтылды. Дегенмен әдебиеттегі тұлға мәселесі өзекті. Әдебиеттің ағымдарындағы өзгерістер, көркем шығармадағы жаңалық, ең алдымен, тұлғаның бейнелену ерекшеліктерімен, автор көзқарасымен байланысты.

**Нәтижелер және талқылау.** Әдебиеттану ғылымында «тұлға концепциясы» терминін XX ғасырдың 50-жылдарында алғаш қолданған ғалым Л.И. Тимофеев болды. Адамның көркем бейнесінің табиғатын, моральдық-эстетикалық құндылықтар жүйесі мен сыртқы әлеммен қарым-қатысын зерттеудебұрын «қаһарман», «бейне», «кейіпкер», аз көлемде «адам» деген анықтамалар пайдаланылды. Бірақ бұл тәсілмен адам бейнесінің белгілі бір қырлары ғана сөз болатын. Ал тұлға концепциясы қаһарманды жүйелі, оның барлық көріністерімен қарастыруға жол ашты [1, 5-6].

Көркемдік дамуда анықтауда тұлға концепциясы шешу шібелгілердің бірі болды. Ежелгі дәуір, орта ғасырлар, ренессанс, классицизм, ағартушылық тәрізді көркемдік ойдың ірі дәуірлері бір-бірінен бірқатар ерекшеліктермен бөлінгенмен, ең бастысы адамның нақты бейнелену тұжырымдамасымен дараланды.Мәселен, адамға қатыстыәр алуан көзқарастар өнердің басты және айқындаушы әдістері – романтизм мен реализмді бекітті.Реализм өмірдің қатал шындығына негізделсе, романтизм адамның асқақ қиялына, жақсылыққа ұмтылысынан туындады.

Тұлға дегеніміз кім? Алдыңғы кезекте «Тұлғасыз адам болмайды» деген М.Налбандян пікірі ойға келеді [2, 149]. Жеке адам – тұлға. Ол – үлкен, не кіші, жақсы, не жаман болсын, жеңіске жетіп, не қателікке ұрынсын, бақытты не бақытсыз күй кешсін сол ортаның жемісі. Оның бойындағы жақсылық пен кемшіліктің әлеуметтік негізі болады. Ал әдебиеттегі тұлға – жинақталған, жазушының жан дүниесінің сүзгісінен өткен, қоғамдық-әлеуметтік мәселенің бел ортасынан көрінген образ. Ол – автор шеберлігінің, суреткерлік дүниетанымының

туындысы.Ол қаһарманның атақ-дәрежесімен емес, көркем шығармадағы бейнелену тереңдігімен, тұтастығымен және адамзаттық өткір мәселеге қатыстылығымен анықталады. Сондықтан тұлға мәселесін тануда автор, тұлға, тұлғаның көркемдік концепциялары «біртұтас көркем құрылымды құрайды» [3, 3].

Қай талантты жазушы болмасын, образды өмірбаяндық және әлеуметтік бірлікте суреттей отырып, сапалық ерекшелігімен танылатын жаңашыл тұлға жасауды мақсат етеді. Л.Н. Киракосян әдебиет пен өнердегі тұлға мәселесін *ең жоғары әлеуметтік-индивидуалды болмыстағы адам мәселесі* деп біледі. Басқаша айтқанда, тұлғаның мазмұнын эстетикалық және көркемдік-этикалық бағалау мәселесі ретінде қарастыру қажет дейді [4, 18].

Ю.Лукин тұлға құрылымының материалдық және рухани құндылықтарды өндіруші, белгілі бір эстетикалық талғамдарды, идеалдарды, көзқарастарды тасымалдаушы қасиеттерін анықтайды [5, 29].Бұл аспектіде тұлғаның көркемдік концепциясы кейіпкердің жеке тұлға ретіндегі бейнесін ашады. Онда қоғамдық қатынастардың жиынтығы мен адамның табиғи қасиеттерінің ерекшеліктері көрінеді. Тұлға ұғымына әлеуметтік факторлар ғана емес, сонымен қатар «табиғи ерекшелігі, психологиялық әр алуандығы да «тұлға» кешеніне енеді» дейді Б.Ананьев [6, 240].

Шығарма авторының моральдық-философиялық концепциясының ерекшеліктерін түсінбейінше, қаһарманның этикалық ұстанымын толық тану мүмкін емес. Қазіргі прозада авторлық позиция әр кейіпкердің жан дүниесінің тереңіне орнықтырылған. Тұлға мәселесін сөз етуде бұл да ескерілетін басты ерекшеліктің бірі саналады.

Тұтастай алғанда, тұлға концепциясы туралыәр алуан тұжырымдар мол. Олар бірін-бірі толықтырып, мәселенің күрделілігін және әр қырлылығын білдіреді. Бірақ бір шындық айқын – әдебиеттің, көркем шығарманың жаңашылдығы, ең алдымен, тұлғаның жаңа сипатымен, ішкі мәнімен, бейнелену тереңдігімен және әлеуметтік-адамдық өзекті мәселені тың қырымен көтеруімен байланысты.

Тұлға концепциясына кеңестік кезең әдебиетінің алғашқы жылдарынан-ақ айрықша мән берілген. Алайда, жақсы мақсаттар қойылғанмен, оның іс жүзінде орындалуы жеңіл болмады. Тәжірибенің жеткіліксіздігі мен саясаттың кері ықпалы кедергі болды.Алғашқы жылдары жеке адам мен ұжымның бірлігі принципі – теорияда да, шығармашылық тәжірибеде де – көбіне бір жақты қойылды. Жеке ұмтылыстарды ортақ мүддеге бағындыру деп түсініп, адамның психологиялық байлығы мен жан-жақтылығы бағаланбады. Бұл 20-жылдар әдебиетіндегі кейіпкерді бейнелеудегі схематизм мен абстракцияға әкелді. Осы жылдары мақсат тұтылған «тірі адам», «психологизм» ұрандары кемшіліктерді жоюға бағытталғанмен, біржақты талаптар оның сәтті орындалуына кедергі жасады. Соғыстан кейінгі жылдарытөңірегінде қызу пікірталас өрбіген «идеалды қаһарман» немесе «конфликтісіздік» теориялары туралы да осыны айтуға болады [7, 14].

Дегенмен әлемдік және кеңестік әдебиетте тұлға концепцияның жақсы жетістіктері болды. Ұлы суреткер өз шығармашылығында әрқашан белгілі бір идеялық негіздерге сүйенеді. Бірақ сонымен бірге тіршілік ортасына тәуелсіз талдау жасап, өзінің тұлға мен қоғам туралы бірегей концепциясын адамзаттың рухани өміріне енгізеді. Бұл тұжырым автордың дүние туралы философиялық және саяси ойларымен тығыз бірлікте орындалады. Сөйтіп, шындық туралы жаңа бейнелі ақпарат беруге мүмкіндік ашатын тәуелсіз ізденіске қол жеткізеді.

Осы тәрізді доминанттық концепция көрнекті жазушыларға тән. Горькийдің басымдық концепциясы – адамға гимні, оның шексіз мүмкіндіктеріне деген гуманистік сенім болды. Жазушының адам туралы тұжырымын қарастырған Б.Бялик «Однажды осенью», «Двадцать шесть и одна», «Рождение человека»,автобиографиялық трилогиялар, әсіресе «Детсво» повесі, кейбір трагедиялары, олардың ішінде «На дне» пьесасына арнайы тоқталып,осы шығармаларда жазушының адамға деген сенімі, гимні барынша айқын көрініс тапқанын айтады [8,7-8].

Достоевскийдегі басым концепция адамзатқа және жеке адамға деген сүйіспеншілік болды. Бақыт пен лайықты өмір сүру үшін дүниеге келген, бірақ әлемде шексіз жалғыз адам болмысы Э.Хемингуэй шығармашылығының басым лейтмотивіне айналды. Ю.Борев «Художественные направления искусства ХХ века и концепции личности» еңбегінде Э.Хемингуэй шығармашылығындағы адам трактовкасына тоқталады. «Шалпен теңіз» - бұл Хемингуэй шығармашылығының барлық негізгі мотивтері түйінделген туынды болды. Бір қарағанда қарт жеңілді. Сонда да ол бақытты, өйткені нәтиже емес, әрекеттің өзі маңызды еді. Ол тайқы маңдайына кез болғантапсырманы орындауда қолдан келгеннің бәрін жасады. Романда адам жеңілу үшін тумайды деген концепциябасым үнмен естіледі.

Жазушы шығармашылығында фашизм айыпталды. Адамды өлтіруге болады, бірақ оны жеңу мүмкін емес дегенконцепциялық идея барлық прозасынан көрінеді. Кейіпкерлері әрқашан жоғары адамгершілік қасиеттерге ие. Кейде оларморальдық жалпы нормалардан алшақтағанмен, ішкі моральдық кодексі әрқашан гуманизмге бағытталып жатады. «Иметь и не иметь» және «По ком звонит колокол»» - әлеуметтік әділеттілікке деген сенімге толы туындылар.Жазушы адам адамдар үшін деген идеяға табан тірейді. «Иметь и не иметь» романындағы кейіпкерлердің бірі «Бәрібір адам жалғыз ештеңе істей алмайды» деген де идеяға келеді. Бірақ бұл ақиқат жазушының әлеуметтік әділеттілікке ұмтылған кейіпкерлерінің моральдық кодексінің негізі болды [9, 30-31].

М.Шолохов шығармаларындағы адам концепциясының оптимизмі, ішкі эпикалық ауқымы халықтық қаһармандықтан бастау алған.Автордың концептуалды көзқарастары көркемдік жаңашылдығының оптимизмімен тығыз астасып жатыр. Өнерде тың жолдар ашып, Горький дәстүрін дамытқан ол бұрын-соңды болмаған тереңдікпен халықтық кейіпкерлерді, тарихпен тығыз тоғысқан адам тағдырларынкөркем бейнеледі. Адам мен қоғам арасындағы гуманистік қарым-қатынас – «Адам тағдыры» әңгімесінің басты тақырыбы болды. Әңгімеде басқалар үшін өмір сүретін адамның рухани байлығы мен жан сұлулығы, ішкі қуатытерең суреттелді. Әлемді шарпыған соғыс қасіреті тағдырын тас талқан еткенмен, оныңбойындағы күш-қуат, оптимизм басқа адамға өзінің қажеттілігін сезінумен байланысты көрінеді [9, 36-38].

Ш.Айтматов шығармаларында адамды өткір драмалық және трагедиялық жағдайларда, ескірген дәстүрлер мен қазіргі мұраттың қақтығысында бейнеленіп, тұлға концепциясы ашылады. Автор «Ақ кеме» повесінің кейіпкері Оразқұлдың әрекетіне үзілді-кесілді қарсы шығады. Оның Оразқұлы басқа кейіпкерлермен қарым-қатынаста қатыгездік пен жауыздық танытады. Айналасындағы кіші адамдар тобына шексіз билігін орнатады. Жаңа өмірдің игі дәстүрін, өткеннің аңыз-әңгімелерін аяққа таптайды. Оның бұйрығымен бұғының өлтірілуі – бүкіл тіршілік иесіне, табиғатқа мейірімсіздік танытудың көрінісіне айналған.

Тұлға концепциясы қазіргі әдебиеттеде өзекті саналады. Бүгінде тарихпен қатар, қазіргі уақыттағы моральдық, этикалық және әлеуметтік-психологиялық мәселелер жазушылардың басты назарында. Әдебиет өзгермелі дүниедегі адамды толық және тереңірек бейнелеудің әр алуан жолдарын іздестіріп келеді. «Қазіргі әдебиет замандастың рухани дүниесін толық ашу үшін адамгершілік мәселелерінің сан алуандығын игеруге ұмтылады», - деп атап көрсетеді Н.М. Щедрина [3, 40].

Тұлға концепциясы жазушыға адам мінезі мен психологиясының терең бейнеленуіне жол ашады. Қазірде де көркемдік ойлаудың маңызды құбылысы ретінде өнердегі рөлі жоғары. Бүгінгі әдебиеттегі тұлға заманның әлеуметтік мәселелерін терең сезінуімен ғана емес, рухани мүдделері мен қажеттіліктерінің кеңдігімен, моральдық талабымен, дүниеде болып жатқан барлық нәрсеге терең жеке көзқарасымен ерекшеленеді.

Ю.М. Павловтың «ХХ ғасырдағы орыс және орыс тілді әдебиеттегі тұлғаның көркемдік концепциясы» (2003) монографиясында тұлғаның үш категориясы – православиелік, амбиваленттік және эгоцентрлік айтылады. Зерттеушілердің пікірінше, бұл тұлға өлшемін бағалаудағы ең өнімді тәсіл. Бұл бағалаудың барлық өлшемдерін – мәнін, ерік-жігерін, рухани-адамгершілік әлемінің биіктігін, рухани ізденістерінің маңыздылығын ескере отырып,

образдың жеке басын жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Тұлғаның концептуалды көрінісіне*адамның ішкі сәйкессіздігі идеясын* қосады. Осыған байланыстышығармаларда амбиваленттi (аралық) тұлға типінің басымдығы анықталады [6, 3-4].

Кеңестік заман құдайсыздық қоғамы болды. Адамның ішкі жеке сенімін жойып жіберуге толық мүмкіндігі болмағанмен, бүтін бір ұрпақтың санасына өзгерістер әкелді. Мұның әдебиеткедеықпалы күшті болды. Қазіргі кездің басты сипаты – дін еркіндігі. Сондықтан да әдебиеттегі тұлға мәселесін қарастыруда кейіпкердің діни ұстанымынаайрықша көңіл бөлінеді. Заманның шындығы сондай. Бір уақыттары күштеп ажыратылғанмен, бүгінде көп ғасырлық негізі бар тарихи наным-сеніміне халық қайтып оралуда. Ю.И. Сохряков адам «өзін табиғаттың, Құдай әлемінің бір бөлігі ретінде сезіне бастағанда, осы дүниенің тағдырына өзінің жауапкершілігін сезінетін» тұлғаға айналады дейді [15].

Әдебиеттегі тұлға мәселесінің орындалуын сөз еткенде, тарихи дәуірдің, уақыттың адамның әлеуметтік мұратында өз ізін қалдыратыны ескерілу тиіс. Сондықтан тұлғаның жаңаша қалыптасуында заман, уақыт мәселелерінің орны ерекше.Тұлға ұғымы өз уақытының нақты белгілерімен, алдыға қойған мақсат-талабымендараланады.

М.П. Евдокимова тұлғаның көркемдік концепциясы мәселесін қарастырудың екі түрін ұсынады.Біріншісі - еуропалық, онда адамның басты «лайықты» қасиеттері эгоцентризм болып табылады. Екіншісі – жанқиярлық (самопожертвования) ұғымына жүгінген көзқарастың өкілдері [5, 4].

Д.А. Ковальчук «Художественная концепция личности в русской прозе 20-30-х годов XX века (М.А. Булгаков, А.А. Фадеев)» диссертациялық жұмысында тұлғаға деген көзқарастың қалыптасуы XIX ғасырдан басталғанын жазады. Орыс ойшылдары Ресей мен Еуропадағы өмірдің рухани негіздеріндегі айырмашылықты және соған сәйкес адамның ішкі әлемінің қалыптасуындағы түрлі шарттарды көрсеткен. П.Я. Чаадаев «Философиялық хатында» екі мәдениеттің – «Шығыс» және «Батыс» деп аталатын тарихи құрылымдардың тоғысқан жерінде тұрған Ресейдің орны ерекше екенін атап өтеді. Н.А. Бердяев орыс рухының мещандыққа қарсы екенін,сондай-ақ Еуропаның механикалық идеалының да оған жат және жағымсыз екенін жазады.Еуропа мен Ресейдегі өмір дәстүрінің айырмашылығын және оның жеке адамның рухани-адамгершілік тұлғасына әсерін XX ғасырдағы орыс діни-философиялық ойының өкілі И.А. Ильин де дәлелді айтқан.

Сыншы Ю.И. Селезневтің еңбектерінде «орыс тұлғасының типі» (құрбандық тұлға) және «еуропалық тұлға» (сананың еуропалық типі) терминдері негізделген. Ол «еуропалық Ренессанс тұлғаны емес, даралықты (индивидуальность) дүниеге әкелді.Айырмашылық принципті болып табылады. Қайта өрлеу дәуіріндегі адамның өзін-өзі тануы – ұлтшылдық эгоцентристік...» дейді [16, 30]. Адамның өз жанының тереңдігіне, жайлылығына бағытталған эгоцентристік тұлға туралы А.Г. Бочаров «Жеке қанағат – бұл бір тілектен екіншісіне өтудің қысқа кезеңі ғана», – деп тұжырымдайды. [17, 234] Мұндағы көзқарас сіздің адамгершілік болмысыңыз өзіңізге пайдалы және жағымды болсын, басқаларға зиянын тигізбесін, ал басқалардың есебінен пайда алу әрқашан азғындық болып табылады дегенге келеді. Бұл көзқарас сырттай қарағанда, бәрі жақсы көрінгенмен, бірақ шындығында, тек өзіне, өз игілігіне, жеке ләззатына деген эгоцентристік адаңдаушылық болып табылады. Ал тұлға концепциясы орыс әдебиетінде моральдық міндеттердіәрқашан бірінші орынға қойды. Тағылымды сөз қашанда оқырманын әлеуметтік ерліктерге, жанқиярлыққа шақырды.

Ю.И. Селезнев тұлға өзін-өзі растаудан емес, өтеуден, беруден(самоотдачи) басталады деп біледі.Мұнда басқа біреу үшін өзін құрбан етуге дейінгі жол бар. Мұндағы диалектика: индивидуалистік, эгоцентристік Меннен бас тарту арқылы адам жекеден жеке тұлғаға айналатыны айтылады [16, 31]

Кеңестік заманда орыс әдебиетімен қанаттаса дамыған қазақ әдебиетінің тұлға концепциясында осы бағыт, көзқарас басым болды. Шығарманың басты қаһармандары қоғаммен, қоғамның өзекті мәселелерімен бірлікте алынды. Алысқа бармай-ақ, Т.Ахтановтың «Боран» романына ой жүгіртелік [18]. Бас қаһарман Қоспан соғыстан кейінгі

жылдарыдағысталиндік теріс көзқарастан зардап шегіп, жалғыздық күй кешкенмен, алдындағы боранға ыққан бір отар қойын аман алып қалу жолында жанкештілікпен әрекеттенеді. Бар сыйынары – адал еңбегі. Сүттей ақ таза көңілінің жалалы болғанына, қара күйе жағылып, өзгелердің өзіне күдіктене қарағанына қиналады. Қоғамнан алыстайды. Неге осындай сергелдеңге түсті? Неге ең жақын деген досы, бұрынғы командирі Қасболат сын сәтте жалт беріп, опасыздық жасады? Елге қиянаты өткен Жаппасбай белсендінің сөзін жерге түсірмей құтыртып жүрген не нәрсе?Ақ түтек боранмен алыса жүріп, романның бас қаһарманы осыны ойлап, көңілінің терең түкпіріндегісұрақтарға жауап іздейді. Ой ағымында қоғамның шын бет-бейнесі ашылады. Автор тұлғаның көркемдік концепциясын осылайкүшті динамизмге, ішкі тартысқа құрған. Туындыда табиғат құбылысы, кеңістік пен уақыт айрықша көркемдік қызметке ие. Табиғаттыңақ бораны мен бас қаһарманның жан дүниесіндегі аласапыран күй параллель алынған. Қоспан – өз заманының тұлғасы. Заман ызғарынан сергелдең күйге түсіп, әділдік іздеген жан. Тұлға концепциясында«қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» қоғамға, жалған дақпыртқа сыншылдық көзқарас басым. Әдебиеттанушы А.Қалиеваның: «Қаламгердің көркем шығармада өз реалды тұлғасын саналы түрде мүсіндеуі сирек құбылыс болғанмен, шығармашылық үдеріс барысында автор тұлғасы психологиялық штрихтер, философиялық-дүниетанымдық пайымдаулар, тіпті сюжеттік-композициялық бөлшектер түрінде бейсаналы ой ағымымен нарратив жүйесінде елес береді», - деп тұжырым жасағанындай, мұның арғы жағында автордың қоғамға принципті көзқарасы, сыншылдық тұлғасы айқын аңғарылады [19, 125].

